

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 4 сәуірдегі ДС-150 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жылқы малының шығынына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Өлім-жітімге ұшыраған мал басы санағын жүргізу және тіркеуде болмаған малдарын санаққа енгізуге рұқсат беру үшін «жасыл дәліз» ашу бойынша

Өлім-жітімге ұшыраған ауыл шаруашылығы жануарларын жергілікті атқарушы органдар тарапынан арнайы комиссия құрылып санағы жүргізілуде.

Тіркеуде болмаған малды санаққа қосуға рұқсат алу үшін «жасыл дәліз» ашудың қажеті жоқ екенін атап өткен жөн.

Себебі 2023 жылғы 2 ақпанда Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларының 30-1-тармағына өзгерістер енгізіліп, «жасыл дәліз» функциясы қарастырылды.

Аталған тармаққа сәйкес бұрын «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқорында тіркелмеген ауыл шаруашылығы жануарларына тиісті шаралар жүргізіліп, сол ауылдық округтің ветеринар дәрігеріне «жасыл дәліз» функциясы берілді.

2021-2022 жылдардағы тәжірибеде көрсеткендей «жасыл дәліз» функциясы ветеринар дәрігерлерге жалпылама берілген кезде толық бақылау және қадағалау жүргізілмей, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру уақтылы жүргізілмегендіктен оларды нақты өз жасымен енгізбеу фактілері анықталды.

Өз кезегінде бұл ауыл шаруашылығы жануарларына жас ерекшеліктеріне байланысты ветеринариялық профилактикалық шараларды ұйымдастыруды жоспарлау және өткізу кезінде кері әсерін тигізеді.

Анықтама: «Жасыл дәліз-1» 01.03.2021 ж. – 31.05.2021 ж. аралығында 2020 жылғы бірдейлендіру жүргізілмеген – 1 115 449 бас ауыл шаруашылығы жануары тіркелді.

«Жасыл дәліз-2» 10.08.2021 ж. – 20.10.2021 ж. аралығында Маңғыстау облысы бойынша бірдейлендіру жүргізілмеген 72 539 ауыл шаруашылығы жануары тіркелді.

«Жасыл дәліз-3» 10.02.2022 ж. – 31.05.2022 ж. аралығында бірдейлендіру жүргізілмеген – 1 482 387 бас ауыл шаруашылығы жануары тіркелді.

Осыған байланысты «жасыл дәліз» функциясын ветеринар дәрігерлерге **жалпылама беру** (*арнайы комиссияның қатысуынсыз*) ауыл шаруашылығы жануарларының нақты санағын жүргізуде тиімсіз екенін атап өтеміз.

Ұлытау облысында төтенше жағдай жариялау бойынша.

Ұлытау облысының аумағында қыс мезгілінде ауа-райының қолайсыз болуы салдарынан (*боран, қар, жаңбыр, аяз*) жайылымда жүрген жылқы малының өлім-жітімі тіркелуіне байланысты мән-жайды анықтау мақсатында 2024 жылғы 26-27 наурыз аралығында Ауыл шаруашылығы вице-министрі бастаған жұмыс тобы іссапармен Ұлытау облысында болды.

Қаражал қаласы, Жаңаарқа, Ұлытау аудандарының ауылдық округтерінде болып, мал шығыны тіркелген шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтардың иелерімен кездесу өткізілді.

Бұл ретте Ұлытау облысы әкімдігінің (бұдан әрі – әкімдік) ақпаратына сәйкес бүгінгі таңда облыстағы өлген малдың басым бөлігінде бірдейлендіру нөмірлері жоқ, олар дерекқорға (*чинтер немесе тавро*) тіркелмеген. Осыған байланысты олардың иелерін анықтау мүмкін болмай отыр.

Заң талаптарына сәйкес малының шығын болғаны жөнінде ресми өтініш түспеуіне байланысты малдар иесіз болып саналады. Яғни төтенше жағдай жариялауға негіз жоқ.

Ауыл шаруашылығы мақсаттарына алған несиелеріне кешірім жариялау мәселесі бойынша

Зардап шеккен қарыз алушыларға көмек ретінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тарапынан төлемдерді кейінге қалдыру бойынша келесі жұмыстар жүргізілуде:

2024 жылдың кестелері бойынша барлық төлемдерді кейінге шегеріп, 2025 жылдан бастап қаржыландыру мерзімінің соңына дейін біркелкі төлемдермен төлеу;

қарыз мерзімі 2024 – 2025 жылдары аяқталатын жобалар бойынша қарыз алушының қызмет бағытына байланысты төлеу мерзімін 24 айдан аспайтын мерзімге ұзарту.

Өтінімдерді жеделдетіп қарау мақсатында мейілінше аз құжаттар негізінде өтінім қараудың оңайлатылған процесі бекітілді.

Зардап шеккендер тізіміне енгізілген қарыз алушылар болып табылатын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес субъектілері төлемді кейінге қалдыру үшін мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

қарызды ұзарту/қайта құрылымдау туралы өтініш;

өтініш беруші жергілікті атқарушы орган жасайтын төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендердің тізімінде көрсетілуге тиіс. Өтініш беруші тізімде болмаған жағдайда қарыз алушы аудандық деңгейден төмен емес жергілікті атқарушы органдардан алынған форс-мажор жағдайларының туындағанын растайтын құжат ұсынуға тиіс.

Өтініштер қажетті құжаттар ұсынылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қаралады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдық желі тарапынан қарыз алушыларға оларды қызықтыратын барлық мәселелер бойынша ұдайы консультация өткізіп тұрады.

Бүгінгі күнгі жағдай бойынша Ұлытау ауданының шаруашылықтарынан төлемдерді кейінге қалдыру бойынша екі өтінім түсіпті, олар қазіргі таңда қаралуда.

Мал өлекселерін жою жұмыстарын жүргізе отырып, малдарға жұқпалы ауруларға қарсы екпе жұмыстарын ұйымдастыру бойынша

Ұлытау облысы әкімдігінің тарапынан ауылдық округ әкімдерінің, әкімдік мамандарының, учаскелік полицияның, ветеринария саласындағы мамандардың, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, ақсақалдар кеңесінің төрағаларының қатысуымен жұмыс тобы құрылды.

Қазіргі таңда құрылған жұмыс тобы өлекселерді жинау, жою жұмыстарын ұйымдастыруда, жалпы саны 1 526 бас жылқы өлексесі жойылды.

Эпизоотиялық жағдайды тұрақты қалыпта сақтау мақсатында Ұлытау облысы бойынша 2024 жылға ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті ауруларының алдын алу үшін профилактикалық екпе жұмыстарын жүргізуге 22 аса қауіпті ауру бойынша бюджет қаражаты есебінен 1,9 млн вакцинация жоспарланған. Жыл басынан бері бекітілген жоспарға сәйкес 255 мыңнан астам ауыл шаруашылығы жануарларына екпе жұмыстары жүргізілді.

Облыс аумағында эпизоотиялық ахуал ветеринар мамандардың тұрақты бақылауында.

О. Бектенов